

Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 04 наурыздағы N 63 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 наурызда N 1527 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 30 шілдедегі N 213 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008.07.30 N 213 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңы 44 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 27-бабы 3, 17 тармақтарына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заңның күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының 20 бабына сәйкес, "2005 жылға арналған облыстық бюджет туралы" облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 12/2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" облыстық мәслихат сессиясының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімінің негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсынудың қоса берілген Ережесі бекітілсін.

2. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұйымдастырсын.

3. Қаржы департаменті осы мақсатқа бөлінген сомалар шегінде тиісті бюджеттік бағдарламаларды дер уақытта қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.Ы.Омаровқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 4 наурыздағы
N 63 қаулысымен бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Азаматтардың жеке санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсынудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) оны беру тәртібін және шарттарын регламенттейді.

2. Санаторлық-курорттық емдеу Солтүстік Қазақстан облысы аумағында тұрақты тұратын және тұратын орны бойынша емдеу мекемелерінің дәрігерлік-кеңестік комиссиясының (бұдан әрі - ДКК) қорытындысы бойынша санаторлық-курорттық емдеуге мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарының мынандай санаттарына беріледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға;

2) соғыстың қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілетін адамдардың басқа да санаттарына;

3) мүгедектердің барлық санаттарына.

2. Санаторлық-курорттық емдеуді ұсынудың шарттары мен тәртібі

3. Санаторлық-курорттық емдеуге жіберілу үшін осы Ереженің 2 тармағында көрсетілген азаматтар мына құжаттарды облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсынады:

1) қоса берілген үлгідегі өтініш;

2) Қазақстан Республикасының санаториі, профилакториі немесе пансионаты көрсетіле отырып, санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждық туралы ДКК емдеу мекемесінің қорытындысы;

3) тұлғаны кәуландыратын құжаттың көшірмесі;

4) осы санатқа жататындығын растайтын құжаттардың көшірмесі.

4. Уәкілетті орган санаторлық-курорттық емдеуге жолдаманы өтініш берген датаға сәйкес кезектік тәртіпте береді.

5. Мүгедектерге ауруына байланысты арнайы жағдайлар жасау қажет болғанда, олардың санаторлық-курорттық емделуі арнаулы санаторилерде ұйымдастырылуы мүмкін.

6. Уәкілетті орган жыл сайын осы Ереженің 2 тармағында көрсетілген азаматтардың жекелеген санаттарына, олардың өтініші және ДКК емдеу мекемелерінің ауру сипаттарына сәйкес санаториі, профилакториі немесе

пансионаты көрсетіле отырып, берген қорытындысы негізінде санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну қажеттілігін айқындайды.

3. Санаторлық-курорттық емдеуді қаржыландыру

7. Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес санаторлық-курорттық емдеу жөніндегі қызметтерді сатып алуды қалыптасқан қажеттілікке байланысты жүргізеді.

8. Осы Ереженің 2 тармағында көрсетілген азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсынуды қаржыландыру облыстық бюджет қаржысынан осы мақсатқа бөлінген қаражат шегінде 06-2-256-003-105 " Мүгедектерді және ардагерлерді сауықтыру" шығыстардың бюджеттік классификациялау коды бойынша жүргізіледі.

9. 2 тармақ 3 тармақшада көрсетілген азаматтар санаттары үшін санаторлық-курорттық емдеуді ұсынуды қаржыландыру облыстық бюджеттен осы мақсатқа бөлінген қаржы шегінде 06-2-256-003-102 "Санаторлық-курорттық емдеу жөніндегі жеңілдіктер" шығыстардың бюджеттік классификациялау коды бойынша қосымша жүргізіледі.

Азаматтардың _____
санаторлық-курорттық _____
ұсыну _____
қосымша _____
Солтүстік Қазақстан облысының
жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар
департаменті бастығына

ӨТІНІШ

ТЕГІ _____

АТЫ _____

ӘКЕСІНІҢ АТЫ _____

МӘРТЕБЕСІ _____

МЕКЕН-ЖАЙЫ _____

ТЕЛЕФОНЫ _____

ТӨЛ ҚҰЖАТЫ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ КУӘЛІГІ

номері _____ (қашан, кіммен) _____
_____ берілген

ТУУЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

номері _____ (қашан, кіммен) _____
_____ берілген

Маған _____
(пансионаттың, профилакторийдің немесе санаторийдің атауы)

_____ а й ы н а
(а й ы _____ к ө р с е т і л с і н)
санаторлық-курорттық емделуге жолдама беруіңізді сұраймын.

Санаторлық-курорттық емдеуге мұқтаждық туралы емдеу мекемесінің
ДКК-ның қорытындысын қоса беремін.

ӨТІНІШ БЕРУ ДАТАСЫ _____ АРЫЗДАНУШЫНЫҢ ҚОЛЫ